

"Құрылыс материалдары" мемлекеттік холдинг компаниясының мәселелері

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1995 жылғы 23 тамыз N 1161

Үкіметтің реформаларды тереңдету және экономикалық дағдарыстан шығу жөніндегі іс-қимыл Бағдарламасына сәйкес, бәсекені дамыту, жекешелендіру процесін жетілдіру мақсатында және Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің нормативтік құжаттарын Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексімен сәйкестендіру қажеттігіне байланысты Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті "Құрылыс материалдары" мемлекеттік холдинг компаниясының құрамына кіретін акционерлік қоғамдардың Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитеті қосымшаға сәйкес сататын мемлекеттік акциялар пакеттерін "Құрылыс материалдары" мемлекеттік холдинг компаниясының иелену, пайдалану және басқару құқықтарын тоқтатсын.

2. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті "Құрылыс материалдары" мемлекеттік холдинг компаниясының мемлекеттік акциялар пакетін Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитетіне сатуға берсін.

3. "Құрылыс материалдары" мемлекеттік холдинг компаниясын құру туралы " / Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1993 ж., N 33, 380-бап/ Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 24 тамыздағы N 727 қаулысының күші жойылған деп танылсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің
1995 жылғы 23 тамыздағы

N 1161 қаулысына
қосымша

"Құрылыс материалдары" МХК мемлекеттік акциялар
пакетін иелену, пайдалану және басқару құқығы
тоқтатылатын акционерлік қоғамдардың

Т І З Б Е С І

"Оргтехпром" акционерлік қоғамы, Алматы қаласы;
"Ақтөбе құрылыс материалдары зауыты" /Актюбинский ЗССМ/
акционерлік қоғамы, Ақтөбе қаласы;
"Силикатчик" акционерлік қоғамы, Ақмола қаласы;
"Темиртауский комбинат промстройиндустрия" акционерлік
қоғамы, Қарағанды облысы;
"Ақтауцемремонт" акционерлік қоғамы, Қарағанды облысы;
"Караганданеруд" акционерлік қоғамы, Қарағанды облысы;
"Құрылыс материалдары" акционерлік қоғамы, Қызылорда қаласы;
"Көкшетаунеруд" акционерлік қоғамы, Көкшетау облысы;
"Кристалл" акционерлік қоғамы, Павлодар облысы;
"Текелі кірпіш зауыты" акционерлік қоғамы, Талдықорған
облысы;
"Құрылыс материалдары" акционерлік қоғамы, Шымкент қаласы;
"Оргпроектцемент" акционерлік қоғамы, Шымкент қаласы;